

**СССР Жоғарғы Соты Пленумының "Некені бұзу туралы істерді қараған кезде соттардың заңдарды қолдану тәжірибесі туралы" 1980-жылғы 28-қарашадағы N 9 қаулысының республика соттарының орындалуы туралы**

*Күшін жойған*

Қазақ КСР Жоғарғы Соты Пленумының 1987 жылғы 27 маусымдағы № 4 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Соты Пленумының 2000.04.28. N 5 қаулысымен.

Некені бұзу туралы және СССР Жоғарғы Соты Пленумының "Некені бұзу туралы істерді қараған кезде соттардың заңдарды қолдану практикасы туралы" 1980 жылғы 28 қарашадағы N 9 қаулысын республика соттарының орындалуы туралы істер жөніндегі сот практикасының жинақталған қорытындыларын талқылай келіп, Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Пленумы республика соттары бұл істерді негізінен дұрыс шешіп отырғанын атап көрсетеді.

Сонымен бірге соттардың осы категориядағы істерді қарау жөніндегі қызметі қойылып отырған талаптарға толық көлемде сай келмейді. Бірқатар реттерде соттар СССР Жоғарғы Соты Пленумының аталған қаулысын қанағаттандырусыз орындайды, материалдық және іс жүргізу правосының нормаларын қолдануда қателіктерге жол береді.

Жекелеген соттар істерді сотта қарауға тиісті әзірлік жұмысын жүргізбейді, сот мәжілісінде нақты мән-жайларды анықтамайды, соның салдарынан семьядағы араздықтың шығу себептерін анықтамай, талаптарды қанағаттандыру туралы шешімдерді бұған жеткілікті негіздер болмаса да қабылдай береді.

Соттар семьяны сақтап қалу туралы өз алдында тұрған міндетті әрдайым тиісті жағдайда орындап отырмайды. Неке және семья туралы кодексінің 36-статьясының талаптарына және СССР Жоғарғы Соты Пленумының түсініктемелеріне қарамастан, көптеген соттар жұбайларды татуластыруға шаралар қолданбайды, оларға татуласу үшін мерзім белгілеу туралы заңмен көзделген правоны жеткілікті түрде пайдаланбайды, бұл мерзімдер көбінесе татуласуға ықпал ететін шаралар қолданылмай немқұрайды түрде беріле салады.

Істерді сот мәжілісі өтетін уақыт пен орынын хабарламай, жұбайлардың біреуінің қатысуынсыз қарау фактілері кең тараған.

Кейбір соттар семьяның бұзылуына ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтамайды және оларды жою үшін шаралар қолданбайды. Көптеген реттерде некені бұзу туралы талап қойып сотқа жолданудың себебі жұбайлардың біреуінің маскүнемдікке салынып кетуінен болып отырғандығына қарамастан, жекелеген

соттар бұл мәселелерді терең талдап зерттемейді және бұл фактілерге назар аудармайды.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Пленумы қаулы етеді:

1. Республика соттарының назары некені бұзу туралы істерді қарауда орын алып отырған елеулі кемшіліктерге аударылсын. Оларға бұл талаптарды шешкен кезде заң талаптарын және СССР Жоғарғы Соты Пленумының "Некені бұзу туралы істерді қараған кезде соттардың заңдарды қолдану практикасы туралы" 1980 жылғы 20 қарашадағы N 9 қаулысының басшылыққа алынатын түсініктемелерін қатаң сақтау міндеттелсін.

2. Істі сотта қарауға әзірлік жүргізу туралы заңның (Азаматтық істер жүргізу кодексінің 142-статьясы) қатаң орындалуы соттардан талап етілсін, өйткені бұл оларды дұрыс әрі дер кезінде шешудің негізгі шарттарының бірі болып табылады. Мұның өзінде соттар істердің осы категориясының ерекшеліктерін ескергені жөн, өйткені некені бұзу туралы талап қарсы талаптарды да (балаларды алып беру, алимент өндіру, мүлік бөлу туралы) жиі шешіледі. Істерді әзірлеу туралы мәселелерді шешкен кезде соттар сот мәжілісінде істің мән-жайын толық әрі жан-жақты зерттеуге қажетті барлық деректердің сұратылуын, СССР Жоғарғы Соты Пленумының 1980 жылғы 8 ноябрьдегі N 9 қаулысында және Қазақ ССР Жоғарғы Соты Пленумының "Азаматтық істерді сотта қарауға әзірлеу практикасы туралы" 1980 жылғы 10 октябрьдегі қаулысында баяндалған түсініктемелерді ескере отырып, қамтамасыз етуге тиіс.

3. Бұл категориядағы істерге жеңіл қарау сот практикасынан жойылсын. Оларға сотта іс қарау барысында істің мән-жайларын тереңірек анықтау, жұбайлардың арасында араздық тууының нақты себептерін анықтау, оларды татуластыруға шаралар қолдану міндеттелсін. Жұбайларға татуласу үшін заңмен белгіленген мерзімді бере отырып (Неке және семья туралы кодекстің 36-статьясы), сот осы әрекетпен ғана шектеліп қалмауға тиіс. Істі әзірлеу барысында, сондай-ақ сот мәжілісінде де сот семьяны сақтап қалу үшін қолда бар мүмкіндіктерді анықтауға тиіс, қажет болған реттерде бұл туралы жұбайлардың жұмыс істейтін, оқитын, тұратын жерлеріндегі еңбек коллективтері мен қоғамдық ұйымдарды (кәсіподақ комитеттерін, әйелдер советтерін және т.б.) хабарлар ету керек.

Некені бұзу туралы талап бойынша шешім қабылдағанда, соттар СССР Жоғарғы Соты Пленумының (12 т.) кездейсоқ себептерден туған семьядағы уақытша араздық пен жұбайлардың арасындағы келіспеушілік, сондай-ақ жұбайлардың біреуінің немесе екеуінің де некені одан әрі жалғастырғысы келмейтіні туралы елеулі дәлелдермен расталмаған арызы, некені бұзу үшін жеткілікті негіз болып есептелмейді деген нұсқауын басшылыққа алулары керек. Сот, жұбайлардың бұдан әрі бірлесіп өмір сүруі және семьяны сақтап қалу

мүмкін емес екендігін, семьяның біржола ыдырағандығын анықтағаннан кейін ғана, некені бұзу туралы талапты қанағаттандыруға праволы.

4. Соттар семьядағы араздықтың тууына және семьяның бұзылуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою үшін неғұрлым белсенділік көрсететін. Некені бұзу туралы талап қойып сотқа жолданудың неғұрлым кең тараған себептерінің бірі маскүнемдік фактілері екендігіне ерекше назар аударып, оларды мұқият тексеретін болсын, спирт ішімдіктеріне салынып кеткен адамдарға қандай әкімшілік немесе қоғамдық ықпал жасау шаралары қолданылғаны анықталсын. Заңмен көзделген тиісті профилактикалық шаралар, оның ішінде көшпелі сот процестері өткізіліп тұрсын. Жеке ұйғарулардың сапасы арттырылсын, аталған фактілерге назар аударуда неғұрлым өткірлік пен принципшілдік көрсетілсін. Семьяны нығайту мақсатында неке-семья заңдары бойынша праволық насихат белсенді түрде өткізілетін болсын.

5. Қазақ ССР Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот коллегиясы

некені бұзу туралы істерді қараған кезде заңдардың, СССР Жоғарғы Соты Пленумының басшылыққа алынатын түсініктемелерінің дұрыс қолданылуын қадағалауды күшейтсін, бұл істер бойынша сот практикасын ұдайы қорытып отырсын, қорыту материалдарын соттардың қызметінде заңдардың бұзылуын жою

және оны болғызбауға шаралар қолдану үшін кеңінен пайдаланатын болсын.

Оқығандар:

Багарова Ж.

Қасымбеков Б.